

Советов Бақытбек Советұлының «Симпатикалық гиперактивация кезінде β 1-адреноблокаторлардың және пурины нуклеотидтер метаболиттерінің иммунды статуска, пуринді циклдар ферменттерінің белсенділігіне және антиоксидантты жүйеге әсері» тақырыбындағы 6D110100-Медицина мамандығы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесіне ізденуге арналған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ШҚІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Симпато-адреналды жүйенің активациясы жүректің ишемиялық ауруының дамуын қиындататыны белгілі. Ал катехоламиндердің жоғары деңгейі миокард инфарктысының қайталап даму және кенет өлімнің қауіп факторы болып табылады. Симпатикалық гиперактивация кезінде синусты тахикардия, функционалды экстрасистолия, кардиалгиялар, қан қысымының, эпизодты көтерілуі, гипергидроз, митралды клапанның пролапсы және түрлі вегетативті белгілер көрініс береді. Жасушалар деңгейінде реттеуші жүйе ретінде пурины нуклеотидтер және олардың туындылары (АТФ, АДФ, АМФ, аденозин, инозин, цАМФ) қызмет ететіні белгілі, олардың құрамды бөліктері модуляторлар қызметін атқарады немесе жүйке-бұлшық еттік, секреторлы және басқа да физиологиялық функциялардың универсалды жасушаішілік реттеушілері, энергетикалық алмасу және иммунды жүйе реттеушілері қызметін атқарады. Бұл көріністерді азайту үшін клиникада метопролол қолданылатыны белгілі. Ол синусты түйіннің автоматизмін азайтады, атриовентрикулярлы өткізгіштікті баяулатады, миокардтың жиырылғыштығын және қоздырғыштығын төмендетеді. Катехоламиндердің жүрекке ынталандырушы әсерін тежейді. Миокард инфарктысы бар науқастар метапрололды қабылдаған кезде инфаркт аумағы шектеледі және фатальды аритмиялардың даму қаупі төмендейді. Олай болса, клиникалық тәжірибеде адреналиннің, аденозиннің және оның қайнар көзі – аденозинмонофосфаттың антиоксидантты қорғаныс жүйесіне, β 1-адреноблокатор метопрололдың пуринді нуклеотидтер алмасуы ферменттеріне және иммунды жағдайға әсерін салыстырмалы түрде зерттеген докторанттың бұл жұмысы өте өзекті болып табылады деп ойлаймын.

2. Диссертацияда ұсынылған ізденушінің қорытындысы мен ұсыныстарының, әр нәтиженің дәлелділігі мен нақтылығының дәрежесі.

Докторанттың ғылыми жұмысының ғылыми қағидалары мен қорытындылары, практикалық ұсыныстары эксперименттік жануарларда «Тәжірибелік жануарларды пайдалана отыра, жұмыстар жүргізу Ережесіне» сай жүргізілген.

Зерттеу барысында алынған автордың мәліметтері қазіргі заманғы ғылымның талаптарына сай келеді, диссертациялық жұмыстың тұжырымдары мен қорытындылары зерттеу нәтижелеріне толық негізделген.

Диссертациялық жұмыста берілген

1-ші тұжырым глутатиондық редокс-жүйенің иммундық статус жағдайымен, пулиндік нуклеотидтер мен антиоксиданттық жүйе метоболизмінің ферменттерінің қалыпты жағдайдағы, гипотиреоз кезіндегі және адреналэктомин кезіндегі белсенділігімен өзара функционалдық байланысын анықтауға негізделген.

2-ші тұжырымда адреналинді енгізу арқылы туындаған симпатикалық гиперактивация кезінде және АМФ пен аденозинді қосынды енгізген кезде пулинді нуклеотидтер метоболизмі ферменттерінің белсендірілуі және иммунитеттің Т- және В-бөліктерінің функционалды өзара байланысының күшеюі орын алатыны жан-жақты анықталып, әсері дәйектелген.

3-ші тұжырымда β_1 -адреноблокатордың және аденозин мен АМФ кешенінің иммундық статусақа, симпатикалық гипербелсенділік кезінде пулиндік цикл мен антиоксиданттық жүйе ферменттерінің белсенділігіне әсер ету механизмдері бар екенін дәлелдейді.

4-ші тұжырымдағы антиоксиданттық қорғаныстың, иммундық жүйе қызметтерінің және пулиндік нуклеотидтер метоболизмінің айқын байқалатын симпатикалық гипербелсенділік және шығу себебі әртүрлі қышқылдандыратын стресс жағдайларында аңғарылатын өзгерістерін түзету үшін β_1 -адреноблокаторларының қатарында аденозинді және АМФ-ні пайдалануға болатыны зерттеу жұмыстары барысында алынған мәліметтерге негізделген.

3. Диссертацияда ұсынылған тұжырымы мен ізденушінің қорытындысының, әр нәтиженің ғылыми жаңалық дәрежесі және тәжірибелік маңызы

Ізденушінің жүргізген зерттеу жұмысы қазіргі уақыттағы ғылыми әдістемелердің қолдануымен істелінген, жеткілікті, терең көлемді зерттеулер, алған нәтижелердің статистикалық өңдеулері алынған қорытындылар мен практикалық ұсыныстарды дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелерінде клеткалық және субклеткалық деңгейде иммундық жүйе және антиоксидантты қорғау жүйесіне симпатикалық гиперактивация кезінде аденозиннің және АМФ және селективті β_1 -адреноблокатор метопрололдың әсері зерттелді. Сонымен қатар лимфоциттерде аденозиннің ДНҚ репликациясын тежейтіні, пулиндер синтезін төмендететіні алғаш рет анықталды.

Пулинді нуклеотидтер циклының ферменттері АМФ, аденозин және инозин тәрізді өзгешелік жасушаішілік модуляторлардың деңгейін бақылайтыны, жүректегі β -адренорецепторлар арқылы әсер ете отыра, аденозин жүректің жиырылғыштығын төмендететіні тәжірибелік дәлелденді. Метапролол, төмен дозаларда жүректің β_1 -адренорецепторларын тежей отыра, АТФ-тан цАМФ-тың катехоламиндер ынталандырған түзілуін төмендететіні анықталып, соған байланысты жүректің ишемиялық ауруын, жүрек қағысының бұзылуын емдеу үшін қолданылуға ұсынылды.

4. Зерттеу нәтижелерінің біртұтастығын бағалау

Советов Бақытбек Советұлының диссертациялық зерттеу жұмысы әдістемелік жоспарға сай. Диссертациялық жұмыс классикалық стильде жасалған. Ғылыми зерттеудің жоспарланған және дәйектілікпен істелінген есептері, қорғауға шығарылған, қисынды сипатталған нәтижелер және негізгі ережелер негізінде тұжырымдалған қорытындыларға, сонымен бірге, практикалық ұсыныстарға алып келді.

Қорғауға шығарылған мақсаты, міндеті, ғылыми жаңалығы, теориялық маңыздылығы, практикалық құндылығы, негізгі ережелері, қорытындылары қисынды құрылған, дәлелді, өзара корреспонденцияланады, және сәзсіз, алған нәтижелердің ішкі бірлігінің биік дәрежесімен ерекшеленеді.

5. Диссертацияның жарияланған негізгі қағидалар, нәтижелері, қорытынды және түйіндерінің дәлелдемесі.

Зерттеу нәтижелері бойынша отандық және шетелдік әдебиетте 7 мақала жарияланған. Олардың үшеуі Scopus дерекқорына кіретін РМҒА «Биомедициналық химия» журналында, Ресей Жаратылыстану Академиясының «Қазіргі заманғы жаратылыстанудың жетістіктері» рецензияланатын журналында екі мақала, Қазақстан Республикасының «Ғылым және денсаулық сақтау» рецензияланатын журналында екі мақала жарияланды.

Жұмыстың барлық негізгі кезеңдері халықаралық конференцияларда баяндалды.

6. Диссертацияның әрлеу мен құрылымының кемшіліктері

Ғылыми жұмыс қазіргі уақыттың талаптарына сәйкес, жан-жақты ізденістің нәтижесінде дайындалған. Диссертациялық жұмыс алдында қойылған мақсаты, міндеттерін толықтай ашқан, аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады. Жүргізілген жұмыс көптеген тәжірибелік зерттеулермен негізделіп, кешенді әрі жүйелі тұжырымдар жасауға қол жеткізілген.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны және жазылуы бойынша айтарлықтай ескертулер жоқ, аздаған грамматикалық және орфографиялық қателер кездеседі.

Сонымен қатар, диссертацияның мазмұны мен рәсімдеуінде бірнеше сұрақтар туындайды:

1. Қолданылған көрсеткіштер мен статистикалық мәліметтерді бағалау кезінде сараптамашылар болды ма әлде автордың өзі жүргізді ме?

2. Глутатионды редокс-жүйенің иммунды статус жағдайымен, пуринді нуклеотидтер алмасуы және антиоксидантты қорғаныс ферменттерінің белсенділігімен функционалды өзара байланысы қандай жағдаймен салыстырмалы түрде зерттелді?

3. Еңбекте аздаған грамматикалық және орфографиялық қателер кездеседі.

Келтірілген ұсыныстар диссертациялық жұмыстың құндылығына нұқсан келтірмейді, ғылыми мәнін төмендетпейді.

7. Диссертацияның ұсынылған талаптарға 6D110100- Медицина мамандығы бойынша докторантқа философия (PhD) докторы дәрежесін «Ғылыми дәрежені табыстау ережесін...» сәйкестілігін беру қорытындысы.

Советов Бақытбек Советұлының «Симпатикалық гиперактивация кезінде β 1-адреноблокаторлардың және пуринды нуклеотидтер метаболиттерінің иммунды статуска, пуринді циклдар ферменттерінің белсенділігіне және антиоксидантты жүйеге әсері» атты тақырыптағы ғылыми зерттеу жұмысы барысында алынған нәтижелер өте қажет, жеке өзі дайындаған мәнді еңбек деп жіктеуге болады. Диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік мыңыздылығы бар толық аяқталған жұмыс болып табылады.


6D110100-Медицина мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылған талаптарға толығымен сәйкес.

Рецензент:

Биология ғылымдарының кандидаты,
ҚазИГЗУ ақпараттық
технологиялар және экономика
факультетінің деканы



Қыдырмолдина А.Ш.



«3» қараша 2017ж.